

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасында өткізілген іс-шараға ақпарат.

Тақырыбы: «Абайдың қара сөзі-тәрбие сөзі»

Тәрбие сабақ:	«Абайдың қара сөзі-тәрбие сөзі»
Күні:	15.03.2024 жыл
Кітапханашы :	Тенелбаева Н.
Сынып :	5-9-сынып
Өткізілетін орны:	Мектеп кітапханасы
Мақсаты:	Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту.
Үлестірмелі материалдар:	Плакаттар , кітаптар.
Дайындыққа арналған әдебиет	интернет материалдары





АБАЙ ҚУНАНБАЙЕВ

29

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не Құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтуғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген – ең барып тұрған Құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.